

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

2-ші САБАҚ

БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУЫН ҚАЛАЙ ҚОЛДАУ КЕРЕК



Баланы дамытуды үйренеміз

ДДСҰ “Caregiver Training Skills” (балаларға күтім көрсетуді үйрету) бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ ЭОД ҒПО, ҚР ДСМ РПДҒПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

2-ші САБАҚ

БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ІС- ӘРЕКЕТКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУЫН ҚАЛАЙ ҚОЛДАУ КЕРЕК

МАЗМҰНЫ	БЕТ
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Біз бүгін нені білетін боламыз	3
Марияның оқиғасы: Таптаурын пікірлер мен қате түсініктер	4
Қызыға қатысу деңгейі: қызыға қатыспайды	6
Қызыға қатысу деңгейі: тек заттарға қызығады	7
Қызыға қатысу деңгейі: бірге қатысу	8
Қызыға қатысу қадамдары	9
Лейланың оқиғасы: бірге қатысу барысында көбірек уақыт өткізуді үйренеміз	10
Негізгі хабарлама № 1	13
Негізгі хабарлама № 2	14
Ұсыным № 1	15
Ұсыным № 2	16
Баланы қалай мақтау керек	17
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	18
Сұрақтарға жауаптар	19
Әрі қарайғы қадамдар	20

БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ		Күні, уақыты, орны
Үйге бару 1		
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 1	Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 2	Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысуын қалай қолдау керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 3	Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысуына қалай көмектесу керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 4	Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 5	Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек	
Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабақтар арасында)		
Сабақ 6	Баланы жағымсыз мінез- құлықтан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысуына және басқарылуына қалай көмектесу керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 7	Балаға жағымсыз мінез-құлық баламаларын қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 8	Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 9	Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек	
Үйге бару 3		
Қосымша сабақтар:		

ТОПТЫҚ САБАҚ 2

БАЛАНЫҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУЫН ҚАЛАЙ ҚОЛДАУ КЕРЕК

БІЗ БҮГІН НЕНІ БІЛЕТІН БОЛАМЫЗ:

- Баланың дамуына септесу үшін оның күнделікті істерге қызыға қатысуын қалай қолдауға болатыны туралы толығырақ ақпарат
- Баланы ынталандыратын істі қалай табу керек, оның мүдделеріне қалай еру керек және баланы мақтайтын кездерді қалай байқау керек



МАРИЯНЫҢ ОҚИҒАСЫ (ЖАЛҒАСЫ): ТАПТАУРЫН ПІКІРЛЕР МЕН ҚАТЕ ТҮСІНІКТЕР



Тимурдың жиі көңілі бұзылатын, ұзақ айғайлайтын және жылайтын. Мария Тимурдың сөйлемейтініне және көп уақытын жалғыз өткізетініне қатты алаңдайтын. Оны бірлескен іске қызықтыру өте қиын болатын. Мария басында өз уайымдарымен бөліспейтін, себебі, басқа адамдар не ойлап қалатынынан қорқатын.

4



Ол өз қорқыныштары туралы жұбайына айтып көруге тырысты, бірақ бар әңгіме дау-дамаймен аяқталатын. Екеуі де шаршады және жүйкелері қатты тозды.



Мария Тимурдың дамуында қиындықтары бар екеніне кінәсі жоқ екенін түсінетін. Бірақ Тимурмен ел арасында жүру қиынға соғатын. Көбісі, егер бала сөйлемесе немесе өзін біртүрлі ұстаса, демек, оның бойында бір кемшілігі бар немесе анасы оны дұрыс тәрбиелемей, еркелетіп жіберген деп санайды.



Сабақтарда басқа ата-аналармен әңгімелесе жүріп, ол көптеген ата-аналар да дәл сондай сезімде болатынын білді. Ол басқа ата-аналардың ұқсас проблемаларға тап болатынын және өздерін отбасының басқа мүшелерінен және қоғамнан оқшау қалғандай сезінетінін естіді. Оларға бірге әңгімелесу пайдалы болды.

ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ: ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСПАЙДЫ

- Мұндай балалар ешкімге және ештеңеге назар аудармайды
- Қызыға қатыспау балаларды үйретуді қиындатады
- Балалар адамдармен бірге бірлескен істерге қызыға қатысқанда бәрін жақсырақ үйренеді



6



ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ: ТЕК ЗАТТАРҒА ҚЫЗЫҒАДЫ

- Мұндай балалар тек заттарға ғана назар аударады
- Оларға адамдарға зейін қоймайды және олармен өзара әрекеттеспейді
- Заттарға қызығушылық балаларды үйретуді қиындатады
- Балалар адамдармен бірге бірлескен істерге қызыға қатысқанда бәрін жақсырақ үйренеді



7



ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ: БІРГЕ ҚАТЫСУ

- Мұндай балалар бір уақытта адамды да, бірге істеп жатқан істі де байқап, оған бірлесіп қатысады.
- Балаларды бірлескен істерге қатыстыру – балаларды үйретудің ең жақсы әдісі!



ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСУ ҚАДАМДАРЫ

Біздің мақсатымыз: Баланы бірлескен істерге қатыстыру уақытын бірте-бірте ұзарту



Есіңізде болсын:

- Бірде-бір бала бірлескен іске 100% қызыға қатыса алмайды.
- Балалар біршама уақыт бойы барлық үш деңгейде болады.
- Біздің мақсатымыз – балаға бірлескен іске ұзағырақ уақыт бойы қызыға қатысуға көмектесу, бұл нені білдіреді:
 - қызыға қатысу сәттері жиірек орын алады
 - қызыға қатысу сәттері ұзағырақ уақытқа созылады
- бірге қатысуды енді бастаған кейбір балалар үшін біздің мақсатымыз – балаға тым болмаса тағы бірнеше секунд бойы қызығушылығын жоғалтпауға көмектесу.
- Бірлескен әрекеттестікте тіпті аздаған жетістіктердің өзі балалар үшін үлкен мәнге ие болуы мүмкін!

ЛЕЙЛАНЫҢ ОҚИҒАСЫ: Бірге қатысу барысында көбірек уақыт өткізуді үйренеміз



Бұл – Лейланың сүйікті кітабы. Ол оны жатқа біледі. Оған рет-ретімен әр беттегі сөздерді айтқан ұнайды. Анасы басқа хикаяны айтып беруге тырысса немесе кітап беттерін өткізіп жіберсе, Лейланың көңілі бұзылады. Лейла айналасындағы адамдарға емес, көбінесе кітабына көп көңіл бөледі.

10



Анасы Лейланы басқа бір бірлескен іске қатыстырғысы келеді. Ол **ҚАЗІР ЛЕЙЛАНЫ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН** бай қау үшін **ҚАРАЙДЫ ЖӘНЕ ТЫҢДАЙДЫ**. Ол Лейланың джунглидегі жолбарыс суреті салынған бетке қарап отырғанын көріп тұр. Сонда Лейланың анасына бір керемет идея келеді! Ол қорап пен бірнеше жануардың суретін әкеледі. Қорапты көрсетіп: «Лейла, бұл – джунгли!» дейді.



Анасы Лейланы бірлескен іске қатыстырғысы келеді. Ол **ТУРА** **ЛЕЙЛАНЫҢ** **АЛДЫНА** **ОТЫРЫП**, **ОНЫҢ** **ДЕҢГЕЙІНЕ** **ТҮСЕДІ**. Ол қорапты **ӨЗІ** мен **ЛЕЙЛАНЫҢ** арасына қояды. Содан кейін жолбарыстың суретін қорапқа салып: «Жолбарыс джунглиде!» дейді. Лейла бір секундқа анасына қарап, артынша қайтадан кітабына оралады.



Лейланың анасы ТАҒЫ ТЫРЫСЫП КӨРЕДІ. Енді ол Лейла кітаптағы пілге қарап отырғанын байқайды. Лейланың анасы пілдің суретін көрсетіп: «Бізде піл бар!» дейді. Бұл жолы Лейла ұзағырақ қарайды.



Лейла қарап отырғанда анасы пілді джунгли бар қорапқа салады. Сондай Лейла пілді «джунглиге» жібереді!

Бұл – БІРГЕ ҚАТЫСУ: Лейла мен анасы бір іспен айналысып жатыр және Лейла БІР УАҚЫТТА АНАСЫН ЖӘНЕ ІСТЕП ЖАТҚАН ІСТІ БАЙҚАП ОТЫР!
Анасы Лейлаға жігер бергісі келеді, сондықтан, толқып: «Піл, кір!» дейді.



Содан кейін Лейла қайтадан кітапқа қарап, жануарлардың атын атауға тырысады. Анасы қол шапалақтап, Лейланы мақтайды, себебі, ол біледі, балалар КӨҢІЛДІ, ҰНАМДЫ ЖӘНЕ МАҚТАУҒА ТОЛЫ істерде жақсырақ үйренеді.

Негізгі хабарлама № 1

БІРЛЕСКЕН ІСКЕ ҚЫЗЫҒА ҚАТЫСҚАНДА БАЛАЛАР ҮШІН ҮЙРЕНУГЕ КӨБІРЕК МҮМКІНДІКТЕР ТУАДЫ: СІЗДІ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТТЕРДІ БАЙҚАЙДЫ

Бірге қатысу баланың екі сәтке бір уақытта назар аударуын білдіреді:

- Сізді байқайды
- Бірге істеп жатқан істі байқайды

Бірлескен істе сізде келесі мүмкіндік бар:



Сол әрекетпен байлан ысты баланың тілдесуіне реакция көрсету және Балаға сол әрекетте қолданылатын жаңа сөздерді көрсету



Баланың әрекеттеріне реакция көрсету



Балаға материалдарды пайдаланудың жаңа әдістерін көрсету

Басқа жағдайларда балалар:

- қызыға қатыспайды: кезу, қайталана беретін немесе біртүрлі қимылдар, қадала қарау немесе айналасына алақ-жұлақ қарау
- тек заттарға қызығады: заттарға зейін қойып, зер салып қарау, заттарды белгілі бір ретпен орналастыру, заттармен қайталанатын ойындар ойнау

балалар қызыға қатыспағанда немесе тек заттарға қызыққанда қарым-қатынас жасамайды және білері де азырақ болады

Негізгі хабарлама № 2

БАЛАЛАР КӨҢІЛДІ, ҰНАМДЫ ЖӘНЕ МАҚТАУҒА ТОЛЫ ІСТЕРДЕ ЖАҚСЫРАҚ ҮЙРЕНЕДІ

СІЗ ІСТЕРДІ КӨҢІЛДІ ЖӘНЕ ҰНАМДЫ ЕТЕ АЛАСЫЗ:

- егер баламен жылы және жайдары дауыспен қарым-қатынас жасасаңыз
- егер оның әрекеттеріне, талпыныстарына және жақсы мінез-құлқына қуанып, өзіңізді бос ұстасаңыз және сабырлы болсаңыз
- егер мейірімді болсаңыз
- егер ынтықтығыңызды көрсетсеңіз
- егер дағдылары және әрекеттерге талпыныстары үшін мақтасаңыз



Ұсыным № 1

БАЛАНЫ НЕ ЫНТАЛАНДЫРАТЫНЫН ЖӘНЕ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРҒАНЫН БАЙҚАУ ҮШІН ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ

- баланы не қызықтырғанын көру үшін бір-екі секунд бөліңіз
- 2-3 түрлі іс ұсыныңыз (бұрын айтқанымыздай, әртүрлі істер немесе бір істің түрлі бөліктері)
- балаңыздың таңдауына жауап беру – оның қызығушылығын байқаудың әдісі



Ұсыным № 2

ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ – БАЛА ӨЗІН ЖАҚСЫ ҰСТАҒАН СӘТТІ БАЙҚАП, ОНЫ МАҚТАҢЫЗ

- Баланың мақтау айтуға болатын дағдыларына және мінез-құлқына қараңыз
- Балаңызды мақтай алатын мейлінше көбірек сәттерді іздеңіз
- Сіздің мақтауыңыз балаға оның бірге қатысуға талпынысы туралы білетініңізді түсінуге көмектеседі
- Мақтау баланы бір нәрсені тағы бір рет жасап көруге итермелейді
- Мақтау әрекетті көңілді және ұнамды етеді



БАЛАНЫ ҚАЛАЙ МАҚТАУҒА БОЛАДЫ?

- Әдетте бәрін жақсы істегені туралы айта аласыз. Осының өзі балалардың көпшілігі үшін жеткілікті болады.

Сіз мақтай аласыз:

- Күндей күлімдеп, қол шапалақтап, «Жарайсың!», «Ақылдым!», «Жақсы отырсың» деген сөздерді айта аласыз
 - Аздап қытықтай аласыз немесе балаға ұнайтын басқа үйреншікті әрекетті жасай аласыз (тербету, «ку-ку»)
- Кейде балаға бірдеңені жақсы жасағаны үшін немесе жасап көруге тырысқаны үшін шағын «сыйлық» бере аласыз. Мұндай мақтау сіз және отбасыңыз үшін маңызды, бірақ балаңызды ынталандырмайтын әрекеттер үшін бәрінен де лайықты. Сыйлықтар келесідей болуы мүмкін:
 - сүйікті зат немесе ойыншық
 - сүйікті дәмді тағамының бір үзімі
- балаға күлімдеуді және сонымен бір мезетте оны сөзбен мақтауды ұмытпаңыз!



ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауаптармен салыстырып тексере аласыз

Нұсқаулық: Келтірілген нұсқалардың ішінен сұраққа ең лайықты жауапты таңдап, таңдаған жауап нұсқасын белгілеңіз. Содан кейін дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз де, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

Сұрақ 1

Келесі дұрыс па: баланы кез-келген жаңа әрекетті орындауға тырысқаны үшін, мысалы, өз бетінше киінгені үшін, егер тіпті ол сол әрекетті мінсіз орындамаса да, мақтау керек пе?

Сұрақ 2

Лейланың анасы қызын мақтау үшін оның жақсы мінез-құлқына елеспескергісі келеді. Оған неге назар аударған дұрыс?

- a) Анасы телефонмен сөйлесіп жатқанда Лейла тыныш ойнап отырады.
- b) Лейла аздап тыпыршыса да, қыңқылдаса да, дүкенде тыныш жүреді.
- c) Анасы бетін сүртіп жатқанда Лейла қыңырлық көрсетпейді.
- d) Жоғарыда айтылғанның барлығы (А, В и С)

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз. Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

Сұрақ 1

Дұрыс жауап: дұрыс.

Түсіндірме:

Баланы бір жақсы іс істеуге тырысқаны үшін, нәтижесі ойдағыдай болса да, болмаса да, мақтау керек. Мақтау жаттығуларды бала үшін едәуір көңілді және ұнамды ете отырып, тағы жасап көруге ынталандырады. Бұл жаңа немесе қиын іс түрлері үшін ерекше маңызды.

19

Сұрақ 2

Дұрыс жауап: D. Жоғарыда айтылғанның барлығы (A, B және C).

Түсіндірме:

Осының барлығы – Лейланың жақсы мінез-құлқын ескеруге және сол үшін мақтауға керемет мүмкіндіктер.

Анасы телефонмен сөйлесіп жатқанда Лейла тыныш ойнап отырады: ИЯ. Бала шулаған кездерді байқау оңай, бірақ тыныш отыратын кездерді байқау және сол үшін мақтау маңызды.

Лейла аздап тыпыршыса да, қыңқылдаса да, дүкенде тыныш жүреді: ИЯ. Әдетте Лейла үнемі жүгіреді, сондықтан, анасы ол тыныш жүретін кездерін байқап, сол үшін мақтай алады.

Анасы бетін сүртіп жатқанда Лейла қыңырлық көрсетпейді: ИЯ. Оған қиын соғатын істерді жасағанда мақтау ерекше маңызды.

ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР

КЕЛЕСІ ТОПТЫҚ САБАҚ ӨТЕТІН КҮН: _____

- Келесі топтық сабақта біз баламен бірге ойнау және онымен бірге күнделікті істерді орындау арқылы бала үшін дағдылы әрекеттерді қалай орнықтыруға болатынын білеміз.
- Егер қандай да бір себеппен келесі сабаққа келе алмасаңыз, 4-ші сабаққа келіңіз. Өткізіп алған материалды меңгеруге көмектесу үшін 15 минутқа ертерек келіңіз.